

Ж.К. Баянова , **Ж.М. Терекбаева*** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: terekbaevazhaz@gmail.com

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР (1926–2021 ж).

Бұл мақалада Түркістан облысындағы этнодемографиялық үдерістер кешенді түрде зерттелді. Зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасының 1926–2021 жылдардағы халық санағы деректері, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты мен облыстық архив құжаттары, ресми статистикалық жинақтар және отандық демографтар мен тарихшылардың еңбектері пайдаланылды. Зерттеу мақсаты 1926–2021 жылдар аралығындағы Түркістан облысының этнодемографиялық даму ерекшеліктерін кешенді түрде талдау, өңірдің этникалық құрамындағы өзгерістердің динамикасын анықтау, көші-қон үдерістерінің халық саны мен этностық құрылымға әсерін бағалау және осы мәселелердің тарихнамалық тұрғыдан зерттелу деңгейін саралау. Зерттеу әдістемесі тарихи-салыстырмалы талдау, демографиялық-статистикалық есептеу, тарихнамалық шолу және жүйелік-құрылымдық тәсілдерге негізделді.

Ғылыми жаңалығы – Түркістан облысының этнодемографиялық дамуы алғаш рет санақ материалдары мен архивтік деректерді қатар пайдалана отырып, аймақтық деңгейде кешенді түрде қарастырылды; этникалық құрам динамикасы мен көші-қон үдерістерінің ерекшеліктері анықталды; тарихнамадағы көзқарастар сыни тұрғыдан талданды.

Зерттеу нәтижесінде Түркістан облысындағы этникалық құрамның өзгеруі бірнеше тарихи кезеңдерге (патшалық Ресей саясаты, кеңестік индустрияландыру және ұжымдастыру, депортациялар, тәуелсіздік кезеңі) байланысты екендігі дәлелденді. Кеңестік дәуірде халық саны мен этностық құрылымға зорлықшыл көші-қон саясаты шешуші ықпал етсе, тәуелсіздік жылдарында қазақ этносының үлесі артып, этнодемографиялық ахуалдың тұрақтанғаны анықталды.

Түйін сөздер: этнодемография, демография, этномәдени, көші-қон, динамика, ұлтаралас.

Zh.K. Bayanova, Zh.M. Terekbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: terekbaevazhaz@gmail.com

Ethnodemographic processes in the Turkistan region (1926–2021)

This article provides a comprehensive analysis of ethnodemographic processes in the Turkistan region. The research is based on population census data of the Republic of Kazakhstan for 1926–2021, documents from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan and regional archives, official statistical compilations, as well as the works of Kazakhstani demographers and historians. The purpose of the study is to comprehensively analyze the features of the ethnodemographic development of the Turkistan region during 1926–2021, identify the dynamics of changes in the ethnic composition of the region, assess the impact of migration processes on population size and ethnic structure, and determine the level of historiographical research on these issues. The research methodology is based on historical-comparative analysis, demographic and statistical calculations, historiographical review, and systemic-structural approaches.

The scientific novelty of the study lies in the fact that the ethnodemographic development of the Turkistan region is examined comprehensively at the regional level for the first time through the combined use of census materials and archival sources. The study identifies the specific features of ethnic composition dynamics and migration processes and provides a critical analysis of existing historiographical interpretations.

The results demonstrate that changes in the ethnic composition of the Turkistan region were shaped by several historical stages, including the policies of the Russian Empire, Soviet industrialization and collectivization, forced deportations, and the period of independence. It was established that coercive migration policies had a decisive impact on population size and ethnic structure during the Soviet era, whereas during the years of independence the share of the Kazakh ethnic group increased and the ethnodemographic situation in the region became more stable.

Keywords: ethnodemography, demography, ethnocultural, migration, dynamics, interethnic relations.

Ж.К. Баянова, Ж.М. Терекбаева

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: terekbaevazhaz@gmail.com

Этнодемографические процессы в Туркестанской области (1926-2021 г.)

В данной статье комплексно исследованы этнодемографические процессы в Туркестанской области. В качестве источников исследования использованы материалы переписей населения Республики Казахстан за 1926–2021 годы, документы Центрального государственного архива Республики Казахстан и областных архивов, официальные статистические сборники, а также труды отечественных демографов и историков.

Цель исследования – комплексный анализ особенностей этнодемографического развития Туркестанской области в период 1926–2021 гг., выявление динамики изменений в этническом составе региона, оценка влияния миграционных процессов на численность населения и этническую структуру, а также определение степени изученности данных вопросов в историографии. Методология исследования основана на историко-сравнительном анализе, демографико-статистических расчетах, историографическом обзоре и системно-структурном подходе.

Научная новизна заключается в том, что этнодемографическое развитие Туркестанской области впервые рассмотрено на региональном уровне комплексно с использованием как материалов переписей населения, так и архивных документов; выявлены особенности динамики этнического состава и миграционных процессов; проведен критический анализ существующих историографических подходов.

В результате исследования доказано, что изменения этнического состава Туркестанской области были обусловлены рядом исторических этапов, включая политику Российской империи, советскую индустриализацию и коллективизацию, депортации народов и период независимости. Установлено, что в советское время решающее влияние на численность населения и этническую структуру оказала принудительная миграционная политика, тогда как в годы независимости возросла доля казахского этноса и стабилизировалась этнодемографическая ситуация в регионе.

Ключевые слова: этнодемография, демография, этнокультурный, миграция, динамика, межэтнический.

Кіріспе

Этнодемографиялық үдерістер – қоғамның әлеуметтік құрылымы, мәдениеті және болашақтағы даму бағытына елеулі әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Қазақстанның көпэтносты халқы мен тарихи тұрғыдан қалыптасқан географиялық ерекшеліктері этнодемографиялық өзгерістердің өзіндік сипатын айқындады. Кеңестік кезеңде жүргізілген көші-қон саясаты мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі этникалық құрамдағы өзгерістер елдің әлеуметтік әрі мәдени өміріне айтарлықтай әсерін тигізді. Зерттеудің мақсаты – өңірдің этнодемографиялық ерекшеліктерін кешенді түрде талдап, әлеуметтік саясат пен ұлтаралық қатынастарды жетілдіруге ғылыми негіздеме жасау.

Түркістан облысындағы этнодемографиялық үдерістердің тарихы мен қазіргі жағдайы кешенді және терең ғылыми зерттеуді қажет етеді. Бұл үдерістердің себептері мен салдарлары тек академиялық қызығушылық тудырып қана қоймай, сонымен қатар олардың әлеуметтік және саяси тұрғыдан маңыздылығы артып отыр. Түркістан өңірі – ежелден әртүрлі этникалық топтар мекен-

деген тарихи аймақ, сондықтан мұндағы этнодемографиялық жағдайды жан-жақты талдау – аймақтың әлеуметтік дамуын түсіну үшін аса өзекті.

Зерттеудің өзектілігі Түркістан облысының Қазақстандағы ең жоғары табиғи өсімге ие және этносаралық қатынастардың динамикасын айқындайтын стратегиялық өңір екендігімен байланысты. Өңірдегі этнодемографиялық өзгерістер тек статистикалық деректер ғана емес, ол ұлттық қауіпсіздікті, әлеуметтік тұрақтылықты және көші-қон саясатын жоспарлаудың негізгі факторы болып табылады. Дәл осы өңірдегі түркі тілдес халықтардың шоғырлануы мен демографиялық өсімі елдің болашақ әлеуметтік-экономикалық бейнесін қалыптастырады.

Зерттеулер аясында этникалық құрамның өзгеру тенденциялары, ішкі және сыртқы көші-қон процестері, ұлтаралық қатынастардың дамуы, демографиялық көрсеткіштердің динамикасы және олардың қоғам өміріне ықпалы секілді аспектілер кеңінен қарастырылады. Мұндай кешенді зерттеу өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, ұлттық саясатты тиімді жүргізуге және этносаралық үйлесімділікті нығайтуға мүмкіндік береді.

Материалдары мен зерттеу әдістері

Этнодемографиялық үдерістерді зерттеу – бұл тек өткен мен бүгіннің арасындағы сабақтастықты көрсету ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы әртүрлі этностар арасындағы өзара қатынас, бейімделу және бірігу механизмдерін терең түсінуге жол ашады. Бұл үдерістердің туындау себептері мен салдарларын жан-жақты анықтау, олардың ұзақ мерзімді әлеуметтік, мәдени және саяси әсерін бағалау – ұлттық саясатты тиімді қалыптастыру мен қоғамдағы тұрақтылықты сақтау үшін аса маңызды. Сонымен қатар, этнодемографиялық зерттеулердің тарихи дамуын, әдіснамалық негіздерін және қолданылған ғылыми тәсілдерді сараптау қазіргі заманғы ғылыми ізденістерде жаңа көзқарастарды енгізуге және әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер этносаралық үйлесімділікті нығайтуға, көші-қон үдерістерін басқаруға және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған нақты шешімдер қабылдауға негіз болады.

Этнодемографиялық процестерді тек демография тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-саяси контекстінде қарастыру арқылы жаңа әдіснамалық көзқарастар мен интердисциплинарлық тәсілдерді ұсыну. Автор қазіргі таңда өзекті болып отырған ұлтаралық келісім, этностардың мәдени ықпалдастығы және әлеуметтік саясаттың этносаралық қатынастарға әсер ету тетіктерін де нақты көрсетеді. Бұл зерттеу Қазақстандағы этнодемография ғылымының дамуына үлес қосып, болашақтағы стратегиялық жоспарлау үшін маңызды ғылыми ресурс болып табылады.

Орталық Азиядағы ең кең аумақты алып жатқан және әлем бойынша ең ірі мемлекеттерден кейін 9-орында тұрған Қазақстан, сонымен қатар, аз қоныстанған ел болып табылады (Губайдуллина т.б. 2023: 44-45). Руза Ғылым Академиясы Тарих институтының (Ташкент) философия ғылымдарының кандидаты, Р.Р. Назаров өз зерттеулерінде Орталық Азия халықтары өз тарихының әртүрлі кезеңдерінде әрқашан көп ұлтты болған (Назаров, 2015: 1646). Түркістан облысы территориясының тарихи дамуының алғашқы кезеңдерінде түрлі көшпелі және отырықшы мәдениеттердің әсері айқын байқалады. Бұл аймақ Қытай, Орта Азия мен Иран арасында стратегиялық түйіскен жер болғандықтан, әртүрлі этникалық топтардың, соның ішінде түркі халықтарының, сонымен қатар сақ, сармат, парфян, қаңлы сияқты ежелгі халықтардың ық-

палына ұшыраған. Қазақ халқының этнодемографиялық құрылымы тарихтағы көшпелі өмір салты мен түрлі этникалық топтардың Қазақстан аумағына келуімен тығыз байланысты. Түркі және монғол халықтарының бірігуі, сондай-ақ Орта Азиядан, Шығыс Түркістаннан, Ресейден және басқа аймақтардан халықтардың миграциясы қазақ қоғамының көпұлтты құрылымын қалыптастырды. Қоныс аударудың толқыны XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында славян этникалық топтарының өкілдері айтарлықтай көп қоныстанған (орыстар, украиндар, белорустар, поляктар және т.б.), Кавказ этникалық топтары (армяндар, грузиндер, әзірбайжандар, дағыстандықтар және т.б.), Еділ бойы мен Орал этностары (татарлар, башқұрттар, мордвалар және т.б.) келуі мен деп көрсетеді. Орта Азия мен Қазақстандағы этникалық өзгерістер отарлау саясатының нәтижесінде күшейді. Губайдуллина, Курылёв мен Токберген еңбегі бойынша мұнда жергілікті халықтармен қатар жүзден астам түрлі халықтар мен этникалық топтардың өкілдері тұрады. Бұл миграциялық ағымдарға негізінен Орталық Азия елдерінде түрлі тарихи себептермен келген (Губайдуллина т.б. 2023: 45-46). Сонымен қатар депортацияларға байланысты көптеген этникалық топтар, оның ішінде шешендер, ингуштар, немістер, қырым татарлары мен корейлер Түркістанға қоныс аударды. Бұл этносаралық өзгерістер аймақтағы халықтың демографиялық құрамын көпұлтты және көпмәдениетті етіп қалыптастырды.

Кеңес Одағы кезеңінде демографиялық өзгерістер қазақ халқы үшін өте күрделі болды. А.Н. Алексеенконың пікірінше, бұл кезең қазақтар үшін ең келеңсіз демографиялық өзгерістер әкелді. 1959 жылы 1926 жылмен салыстырғанда қазақтардың саны 23,2%-ға азайып, олардың үлесі күрт төмендеді. Қазақтардың саны 1,3 есе азайса, орыстардың саны 3,1 есе өсті. Қазақстан халқының 87,1%-ға өсуі негізінен орыстардың есебінен жүзеге асырылды. Басқа еуропалық этностардың, мысалы, украиндар мен белорустардың өкілдерінің саны да қарқынды түрде артты. (Алексеенко, 2015: 14-16). Бұл өзгерістер Қазақстанның этникалық құрылымының түбегейлі өзгеруіне әкелді.

Сонымен қатар тың игеру науқаны ауыл шаруашылығында елеулі өзгерістерге алып келгенімен, ол жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына теріс әсерін тигізді деп есептейді М.Х. Асылбеков пен А.Б. Галиев. 1970 жылдардан бастап халықтың саны өсе бастаға-

нымен, бұл өсім негізінен басқа республикалардан келген қоныс аударушылардың есебінен болды. Осы кезеңде халықтың этникалық құрамы өзгеріп, қазақ халқының үлесі төмендеген, ал орыс және басқа славян халықтарының саны артқан.

1990 жылдары қазақтардың үлесі біршама артқанымен, Қазақстандағы басқа ұлттар әлі де маңызды этникалық топтарды құрады. Бұл этнодемографиялық өзгерістер Қазақстанның әлеуметтік құрылымына айтарлықтай ықпал етіп, елдің ұлтаралық қатынастарын қалыптастырды. (Асылбеков және Галиев, 2005: 95-96).

Қоныс аудару үдерістерінің әлеуметтік-экономикалық аспектілерін зерттеген тағы бір ғалым – А.А. Дербисалин. Оның зерттеулерінде Түркістан облысындағы халықтың көші-қоны, түрлі этникалық топтардың жаңа жерлерге қоныс аударуы, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері және этникалық құрылымдағы өзгерістер жан-жақты қарастырылды. Дербисалин бұл үдерістерді кеңес үкіметінің саяси шараларымен, соның ішінде отаршылдық саясат, ұжымдастыру және жер аудару әрекеттерімен байланыстыра зерттеді. Оның еңбектерінде халықтың көші-қонының әлеуметтік-экономикалық салдары мен этникалық құрылымның өзгеруі, сондай-ақ осы үдерістердің аймақтың мәдени және әлеуметтік дамуына тигізген әсері кеңінен талданған.

Халық санағы – бұл тек статистикалық құрал ғана емес, ол мемлекет пен қоғамның дамуының маңызды аспектісі болып табылады. Бұл процесс демографиялық өзгерістердің динамикасын бақылап, халықтың құрылымы мен әлеуметтік-саяси жағдайын түсінуге мүмкіндік береді. Әлемде алғашқы ұлттық халық санақтары XVIII ғасырдың басында Англия, Франция, АҚШ сияқты елдерде жүргізілді. Бұл кезеңде халықтың саны мен құрылымына қатысты алғашқы жүйелі зерттеулер жүргізілген болатын.

Бенжамин Франклин, Джон Граунт, Уильям Петти сияқты ғалымдар халықтың өсуін, өмір сүру ұзақтығын зерттеуге үлкен үлес қосты. Олардың еңбектері демография ғылымының негізін қалауға ықпал етті. Франклиннің демографиялық зерттеулері халықтың өсу заңдылықтары мен демографиялық процестерді зерттеу бағытында маңызды қадам болды. Джон Граунттың «Аса ірі демографиялық таблица» деген еңбегі алғашқы статистикалық деректер мен халық санының есепке алынуының маңыздылығын көрсетті. Бұл ғалымдардың зерттеулері халық санағының әдістемесін дамытуға ықпал

етіп, мемлекеттердің демографиялық саясатын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Қазақстандағы халық санағы елдің әлеуметтік және экономикалық даму стратегияларын белгілеуге үлкен әсер етеді. Өйткені демографиялық өзгерістер мемлекет саясатын қалыптастыруда негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Халық санының өсуі немесе кемуі, этникалық құрамның өзгеруі, жас ерекшеліктері, миграция және басқа да факторлар мемлекеттің ұзақ мерзімді даму жоспары мен саясатында маңызды шешімдер қабылдауға бағыт береді. Демографиялық ақпараттар елдің білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылым мен экономикалық даму салаларында дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Қазақстанның демографиялық өзгерістерін зерттеу халықтың қажеттіліктерін, әлеуметтік жағдайын, жұмыс күшінің сапасын бағалауға және экономикалық стратегияларды тиімді жоспарлауға көмектеседі. Сонымен қатар, халық санағының нәтижелері ұлтаралық қатынастар мен мәдени байланыстарды нығайтуға, елдегі әртүрлі этникалық топтардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге ықпал етеді. (Казьмина, Пучков, 1994: 6-7) .

Тәтімовтың зерттеулері қазақ халқының этникалық құрамын, демографиялық өзгерістерді және олардың тарихи ерекшеліктерін терең талдауға арналған. Ол халықтың өсімі, жасы мен жыныс қатынасы, миграция мен көші-қон мәселелерін зерттей отырып, қазақ қоғамының дамуы мен өзгерістерін қарастырды. Бұл тақырыптар, әсіресе Кеңес кезеңіндегі тарихи өзгерістер мен әлеуметтік жағдайлардың нәтижесінде ерекше маңызға ие болды.

Қойгелдиев пен Омарбековтың еңбектерінде қазақ халқының демографиялық мәселелеріне қатысты тың деректер келтіріліп, Ф.И. Голощекин басшылығы кезінде жергілікті ұлт өкілдерінің ауыр жағдайы, әсіресе қазақтардың «Қызылтабан» шұбырындысына ұшырауы мен босқынға айналуы мәселелері қарастырылған. (Султанярова, 2014: 14-16). Бұл кезең қазақ халқы үшін ауыр демографиялық дағдарыс болып, көптеген әлеуметтік және экономикалық салдарларға әкелді. А. Ремневтің пікірінше, қазақтардың кеңес кезеңіндегі «демографиялық экспансияға ұшырауы» және олардың мәдени идентичностьінің басқа халықтар арасында, әсіресе орыстар арасында жоғалуы қорқынышының пайда болуы сол дәуірде байқалған құбылыстардың бірі болды. Бұл ұлттық идентичностьтің сақталуына қа-

тысты қауіптің тууына және қазақ қоғамындағы этникалық өзгерістерге әсер етті.

Қазақ халқының демографиялық апаттары 20-30 жылдары, әсіресе ашаршылық, көші-қон, жаппай репрессиялар мен басқа да Кеңес үкіметінің саясаттарының нәтижесінде орын алған деп саналады. Бұл кезең қазақтар үшін геноцид, этноцид ретінде бағаланған және бұл саясат Кеңес үкіметі тарапынан мақсатты түрде жүргізілді. Осы тұрғыдан алғанда, кеңес кезеңіндегі тарихтың этнодемографиялық апаттар арқылы қабылдануы Қазақстанның қазіргі этнодемографиялық дамуының бағытын алдын ала айқындады.

Қазақ халқының алғаш халық санағы Кеңес Одағы кезеңінде де Асылбеков пен Галиев зерттеулерінде 1917–1980 жылдар аралығында Қазақстандағы әлеуметтік және демографиялық процестерді талдап (Султанярова, 2014: 15-16). Халық санының өсуі, миграция процестері, халықтың этникалық құрамы мен әлеуметтік жағдайының өзгерістерін атап айтты.

Алексеев 1920-1930 жылдары Қазақстан тұрғындарының саны, жасы, жынысы, ауыл-село тұрғындары әр облыстардағы территориялық қоныстануы мен демографиялық дамуына тікелей әсер етті деп тұжырымдайды. Бұл кезеңде халық санағы нәтижелері бойынша Қазақстанның халқының жалпы саны шамамен 6 миллион адамды құрады. 1929 жылдан бастап аграрлық реформаларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстандағы ауыл шаруашылығын коллективтендіруге кірісті. Бұл шаралар кезінде ауылдардағы көптеген шаруашылықтар қиратылды, малдар мен ауылшаруашылық өнімдері тәркіленіп, байлар мен кедейлер арасында классовық күрес күшейді. Коллективтендіру мен ашаршылықтың салдарынан жүздеген мың қазақ қырылды, ал халықтың үлкен бөлігі қоныс аударуға мәжбүр болды. Бұл кезеңде қазақ халқының саны бірнеше миллионға кеміді. Бұл жылдары Қазақстанда ашаршылық, азаматтық соғыс және басқа да саяси-әлеуметтік жағдайлар әсерінен халық санының күрт төмендеуі байқалды. Қазақстандағы 1930-40 жылдардағы репрессиялар мен депортациялар халықтың демографиялық құрамын күрт өзгертті. Осы кезеңде халық санының күрт өзгеруіне, әсіресе этникалық құрамының өзгеруіне әкелді. Бұл уақытта өткізілген халық санақтары ұлттық құрамының өзгеруін толық көрсетпеген болуы мүмкін, себебі репрессиялар мен депортациялар кеңінен жүргізіліп, бұл үдерістер санаққа теріс әсерін тигізді. Бұл кезеңде көптеген этникалық топтар, соның ішінде немістер, ко-

рейлер, поляктар, қырым татарлары және басқа да халықтар Қазақстанға қоныс аударды. Осылайша, республикада этникалық құрам өзгеріп, жаңадан келген ұлттар мен жергілікті қазақтардың араласуы байқалды. Бұл қоғамның мәдени, интеллектуалды, және әлеуметтік құрылымына қатты нұқсан келтірді. 1964-1985 жж. кеңестік Қазақстанның басты ерекшеліктерінің бірі елімізде әртүрлі ұлт өкілдерінің қатар өмір сүруі. Этнодемографиялық сипаттың қалыптасуы патшалық үкімет тұсындағы реформалардан бастау алады (Алексеев, 2015: 25-26).

М.Х. Асылбеков пен В.В. Козинаның зерттеулерінде 1980–1990 жылдары Қазақстанның демографиялық жағдайы мен оған әсер ететін факторлар жан-жақты қарастырылған. Ғалымдар туу, өлім, неке және ажырасу көрсеткіштері арқылы еліміздің демографиялық дағдарыс кезеңіндегі әлеуметтік өзгерістерді сипаттады. Бұл кезеңде халықтың өсімі мен өлім-жітім деңгейі арасындағы алшақтық, әлеуметтік-экономикалық қиындықтар мен қоғамдық өзгерістер әсерінен айтарлықтай өзгерді. Асылбеков пен Козина, сондай-ақ, 20-ғасырдың соңындағы қазақ этносының демографиялық дамуының ерекшеліктерін талдай отырып, еліміздегі этникалық өзгерістердің әлеуметтік контекстте қалай әсер еткенін түсіндірді (Асылбеков пен Козина, 1995: 77-78).

Г.С. Баратова өзінің зерттеулерінде халықтың этникалық құрамын және оның даму динамикасын зерделей отырып, соңғы жылдардағы халықтың көбеюі мен өлім-жітім деңгейіндегі өзгерістерді талдады. Бұл зерттеулерде демографиялық көрсеткіштерге әсер ететін негізгі факторлар, атап айтқанда, экономикалық жағдай, әлеуметтік қызмет көрсету сапасы мен халықтың өмір сүру деңгейі маңызды орын алады.

Кеңес кезеңіндегі индустриализация мен ұжымдастыру процесі, әсіресе ауыл шаруашылығында еңбек ететін түрлі этникалық топтардың тұрмысын өзгертіп, аймақтың әлеуметтік құрылымына әсер етті. Түркістан облысындағы көптеген этникалық топтардың өкілдері жаңа жұмыс орындары мен өндірістік үдерістерге тартылып, аймақтың экономикалық дамуына елеулі ықпал етті. Бұл әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде жаңа қалалар мен ауылдар қалыптасып, халықтың этникалық және мәдени құрамындағы өзгерістер айтарлықтай болды.

Ж.Ә. Әлиевтің зерттеулерінде қазақ халқының әлеуметтік және экономикалық жағдайына, еңбек нарығындағы орнына, білім мен денсау-

лық сақтау жүйесіне ерекше назар аударылды. Ол халықтың еңбек нарығында қандай роль атқаратынын, білім мен денсаулық сақтау саласындағы мәселелердің қалай дамығанын талдай отырып, қазақ этносының әлеуметтік жағдайының өзгеруін және осы өзгерістердің демографиялық құрылымға ықпалын зерттеді. Әлиевтің жұмыстары, әсіресе, жұмыс күшінің дамуы мен әлеуметтік құрылымның өзгеруі тұрғысынан маңызды, себебі олар Қазақстанның этнодемографиялық өзгерістерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Г.С. Баратова өз зерттеуінде халық санағының деректерін пайдалана отырып, халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты бағалады. Оның еңбектерінде жұмыссыздық деңгейі, білім алу деңгейі және денсаулық сақтау жүйесінің жағдайы сияқты маңызды аспектілер қарастырылды. Баратова халықтың тұрмыс деңгейіндегі өзгерістерді, әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылықты және өмір сүру сапасының әртүрлі аймақтар бойынша ерекшеліктерін айқындады. Оның зерттеулері әлеуметтік теңсіздіктер мен өмір сүру сапасының өзгеруінің арасындағы байланысты түсінуге маңызды үлес қосады. Әсіресе, Баратова халықтың әлеуметтік жағдайын бағалау арқылы, әртүрлі аймақтардағы өмір сүру деңгейінің айырмашылықтарын, ауыл мен қала арасындағы экономикалық және әлеуметтік алшақтықты көрсетті. Сонымен қатар, оның зерттеулері халықтың денсаулық сақтау мен білім жүйесіне қолжетімділігі, осы салалардағы мемлекет саясатының тиімділігі жайлы тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Бұл деректер демографиялық өзгерістердің әлеуметтік құрылымға қалай әсер ететінін түсіну үшін маңызды ғылыми негіз болды. Баратова халық санағы деректерін қолдана отырып, әлеуметтік саясатты бағыттауға, халықтың тұрмыс сапасын арттыру мақсатында қажетті шараларды ұсынуға септігін тигізді.

Ә.Б. Ғали өзінің зерттеулерінде Қазақстанның этнодемографиялық жағдайы мен көпұлтты қоғамның тұрақтылығы туралы маңызды пікірлер білдіреді. Ол көпұлтты қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік және саяси шаралардың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Ғалымның айтуынша, әлеуметтік интеграция мен ұлтаралық келісімді нығайту үшін этникалық топтар арасындағы өзара түсіністік пен мәдени диалогты қалыптастыру өте маңызды.

Қазақстанның этникалық құрылымын дұрыс басқару, миграция процестерін тиімді реттеу,

этносаралық қатынастарды тұрақтандыру – бұл елдің әлеуметтік және экономикалық дамуында шешуші рөл атқаратын факторлар. Ғали Қазақстандағы этнодемографиялық процестерді зерттей отырып, осы мәселелердің тек теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық тұрғыда да үлкен маңызға ие екенін атап өтеді (Ғали, 2003: 11).

Түркістан облысы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан стратегиялық маңызды аймақ ретінде тарихи тұрғыдан көпэтникалық және мәдени тұрғыдан бай болып табылады. Бұл аймақта көптеген этникалық топтар мен мәдениеттердің өкілдері өмір сүрген, бұл өз кезегінде аймақтың этнодемографиялық процестерінің түрлі тарихи кезеңдерде айтарлықтай өзгеруіне әкелді. Түркістан облысындағы этникалық құрылым әртүрлі кезеңдердегі миграциялық ағымдар мен тарихи оқиғалардың нәтижесінде қалыптасқан.

Түркістан облысының этнодемографиялық үдерістерін зерттеу арқылы, ғалымдар бұл аймақтың әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуында маңызды рөл атқарған факторларды анықтай алады. Әсіресе, қазақтар мен өзбектер негізгі этникалық топтар болып саналады, ал орыстар, татарлар, украиндар сияқты басқа ұлттар да осы аймақта маңызды орын алады. Осы этностар арасындағы бейбіт және келісімді қарым-қатынас мәдени ықпалдастық пен өзара сыйластықты қалыптастырып, аймақтың әлеуметтік тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді. Дегенмен, этникалық және тілдік айырмашылықтар кейде әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге әсер ететін шиеленістерге әкелуі мүмкін. Бұл әсіресе миграциялық процестер мен түрлі этникалық топтардың араласуы нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Осыған байланысты, Түркістан облысындағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету үшін, әлеуметтік және саяси шаралар арқылы ұлтаралық келісімді нығайту өте маңызды екені анық көрінеді (Султаниярова, 2020: 257-258).

Нәтижелер мен талдаулар

Халық санақтары елдің демографиялық құрылымын анықтау және өзгерістерді бақылау үшін маңызды құрал болып табылады. 1926, 1939, 1959, 1970, 1979 және 1989 жылдардағы бүкілодақтық халық санағы мен Қазақстан Республикасының 1999 және 2009 жылдардағы ұлттық халық санағы деректері еліміздегі этникалық құрам мен халықтың миграциялық

үдерістерін көрсетеді. Бұл санақтар барысында түркі тілдес халықтардың санының өсіп келе жатқандығы байқалған.

1926 жылғы халық санағы Қазақстанның этникалық құрамын алғаш рет кеңінен сипаттаған маңызды дерек көзі болды. Кейінгі санақтарда этникалық топтардың саны мен құрылымы әртүрлі саяси және әлеуметтік өзгерістерге байланысты өзгеріп отырды. Мәселен, 1939 жылы кеңес үкіметінің жүргізген саясаты мен үлкен миграциялық қозғалыстар нәтижесінде халықтың құрамында маңызды өзгерістер болды. 1959 жылғы халық санағы кезеңінде қазақтардың үлесі айтарлықтай төмендеді, ал орыстар мен басқа еуропалық этникалық топтар саны артты. Бұл өзгерістер тың игеру және көші-қон үдерістерінің әсерімен байланысты болды.

1920-жылдардың ортасында Шымкент өңірі бұрынғы Сырдария облысы аумағында болды. 1932 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысы құрамында дамыды (орталығы – Шымкент). Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Шымкент өңірі үлкен демографиялық өзгерістерді бастан өткерді. Түркі тілдес халықтар (қазақтар мен өзбектер) аймақ халқының абсолютті көпшілігін құрады. 1930-жылдардағы аштық қазақ халқының санын азайтқанымен, Оңтүстік Қазақстанға Қиыр Шығыстан **корейлердің** (1937 ж.) және Еуропалық бөліктен индустрияландыруға қажетті мамандардың келуі халық құрамын күрделендіре түсті. Соғыс жылдарындағы депортациялар (немістер, шешендер, гректер, түрік-месхетиндер) және соғыстан кейінгі өндірістің дамуы нәтижесінде еуропалық этностардың үлесі шарықтау шегіне жетті. 1930-1940 жылдары өңірге корейлердің, немістердің, шешендер мен ингуштардың қоныс аударылуы Түркістан облысының этникалық мозаикасын қалай өзгерткені архивтік деректермен негізделуі керек. Шымкент қаласы мен маңындағы өндірістік орталықтардың (мысалы, Кентау, Ленгер) дамуына байланысты славян этностарының келуі және олардың халық құрамындағы үлесінің 1959 жылы шарықтау шегіне жетуі.

1970-1989 жылдар аралығында орыс, украин, белорус және басқа еуропалық этностардың санының өсімі жалғасып, қазақтардың үлесі төмендей берді. Алайда 1990 жылдары қазақтардың үлесі біршама артты, бұл тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі этнодемографиялық өзгерістердің нәтижесі болып табылады. 1999 және 2009 жылдардағы халық санағы көрсеткіштері этникалық топтардың арасындағы өзгерістерді әрі қарай ашып көрсетті. Түркі тілдес халық-

тардың санының өсуі осы кезеңдегі маңызды тенденциялардың бірі болды, бұл Қазақстанның көпэтникалық қоғамының жаңа құрылымына ықпал етті (Асылбеков, Козина, 1995: 75-76).

Осы санақтардың тарихнамалық талдауы Қазақстандағы этнодемографиялық үдерістердің қалай өзгергенін және олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси контекстте қалай әсер еткенін көрсетеді. Түркі тілдес халықтардың санының өсуі, әсіресе, облыс территориясындағы демографиялық құрылымның өзгеруін сипаттайды және этникалық қатынастардың дамуына маңызды әсер етті. Кеңес үкіметінің ұлттық саясаттары көптеген этностардың араласуымен бірге, қазақ халқының мәдениеті мен тілін әртүрлі дәрежеде шектеуге алып келді. Бұл әсіресе қазақ тілінің мәртебесі мен мәдени мұрасын сақтау мәселелеріне әсер етті.

1964-1985 жж. кеңестік Қазақстанның басты ерекшеліктерінің бірі елімізде әртүрлі ұлт өкілдерінің қатар өмір сүруі. Этнодемографиялық сипаттың қалыптасуы патшалық үкімет тұсындағы реформалардан бастау алады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстанда этникалық қазақтардың қайта оралуы байқалды. 1990-шы жылдардан бастап, шетелдерден қазақтардың ауқымды оралуы болды. Бұл процесс мемлекет тарапынан ұйымдастырылған арнайы бағдарламалар арқылы жүзеге асты. Сонымен қатар, Қазақстанға келіп қоныстанған басқа этностар да өздерінің тарихи отандарынан көшіп келіп, елдегі көпұлттылықты арттырды. Қазақстандағы этносаралық қатынастар мен демографиялық өзгерістер әлеуметтік тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау үшін маңызды болып табылады.

Қазақстандағы этнодемографиялық үдерістер қазіргі уақытта әлеуметтік және экономикалық өзгерістермен тығыз байланысты. Елдегі көші-қон үрдістері, халықтың ұлттық құрамы мен сандық өзгерістері қоғамның болашағына ықпал етеді. Бұл үдерістерді дұрыс түсіну үшін қазіргі заманғы әдіснамалық тәсілдер мен зерттеу құралдарын қолдану қажет.

Этнодемографиялық зерттеулердің дамуы жаңа бағыттарды анықтап, қоғамдағы өзгерістерге әсер ететін факторларды түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Қазақстандағы этносаралық қатынастар мен көші-қон мәселелері жаңа әлеуметтік және саяси тұрғыдан қарастырылады, ал этнодемографиялық зерттеулер ұлттық қауіпсіздік, тұрақтылық және бейбітшілік мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарады (Алексеев, Аубакирова, Өмірзақ, 2022. 20-21).

Тәуелсіз Қазақстандағы этнодемографиялық зерттеулерде қазақ тілінің мәртебесі мен оның этникалық топтар арасындағы интеграциялық рөлі маңызды тақырыпқа айналды. Е.А. Қабылғазин, Б.Қ. Сүлейменов сияқты ғалымдар этникалық топтардың қазақ тілін үйрену және ұлттық мәдениетке бейімделу мәселелерін зерттеді. Тіл саясаты, ұлттық сәйкестік пен этникалық топтардың мәдени қатынастары Қазақстанның этникалық саясатындағы басты мәселелерге айналды.

Түркістан облысындағы этносаралық бейбітшілік пен толеранттылықты зерттеу қазіргі Қазақстанның көпэтникалық қоғамында шынайы маңызды рөл атқарады. Қазақстанның көпұлтты қоғамы әлеуметтік тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтауда маңызды фактор болып табылады, сондықтан Түркістан облысындағы этносаралық қарым-қатынастарды зерттеу осы бағыттағы маңызды жұмыс болып саналады. Ж.С. Кәрібжанова мен С.А. Сейтенов сияқты ғалымдар этникалық топтар арасындағы ынтымақтастық пен бейбіт қатар өмір сүру мәселелерін зерттеуде терең әрі жан-жақты еңбектер жазды. Олар Қазақстандағы этносаралық қатынастардың даму динамикасын, этникалық бірлік пен толеранттылықты қалыптастыру үшін қандай шаралар қажеттігін анықтауға арналған зерттеулер жүргізді.

Түркістан облысы этникалық құрамының әртүрлілігімен ерекшеленеді. Мұнда қазақтар, өзбектер, орыстар, татарлар және басқа да ұлттар бірге тұрып, ұлтаралық келісімді сақтауға тырысады. Түркістан облысындағы этносаралық қарым-қатынастар, тарихи тұрғыда алғанда, түрлі этникалық топтардың мәдениеттерінің араласуынан қалыптасқан, әрі бұл аймақ көптеген ғасырлар бойы әлеуметтік бейбітшілік пен өзара сыйластықтың үлгісі болған.

Зерттеулер осы облыстағы этникалық топтар арасындағы қарым-қатынастың оң динамикасын көрсетеді. Әрбір этникалық топ өзінің мәдениетін, тілін және дәстүрін сақтай отырып, өзара үйлесімді өмір сүріп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуда. Бірақ, кейде этникалық және тілдік айырмашылықтар әлеуметтік мәселелерге, мысалы, жұмыс орындарын бөлу, білім беру және қоғамдық қызметтерге қатысты шиеленістерге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл мәселелерді терең зерттеу, этносаралық келісім мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында маңызды болып табылады.

Түркістан облысындағы этносаралық бейбітшілік пен толеранттылықты қамтамасыз ету,

тек аймақтық емес, бүкіл ел үшін де үлкен маңызға ие. Қазіргі таңда, осы мәселелерді зерттеу ұлттық қауіпсіздікті сақтау, ұлтаралық келісімді нығайту және қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті құрал болып табылады.

Түркістан облысының этнодемографиялық үдерістерін зерттеу тарихы өте күрделі және көпқабатты болып табылады, себебі ол түрлі тарихи, саяси және әлеуметтік факторлардың әсерімен қалыптасты. XX ғасырдың алғашқы жартысында Кеңес Одағының отаршылдық саясаты мен ұжымдастыру шаралары аймақтың этникалық құрылымын едәуір өзгертті. Кеңес үкіметі кезеңінде жүзеге асырылған жер аударулар, мәжбүрлі көші-қон және мәдени интеграция этникалық топтардың қоныс аударуына және араласуына әкелді, бұл аймақтың демографиялық құрамын өзгертіп, ғылыми зерттеулердің негізгі объектісі болды. Осы кезеңдерде Түркістан облысындағы этникалық топтардың араласуы мен олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы маңызды зерттеу тақырыбына айналды. Түркістан облысындағы этнодемографиялық үдерістерді зерттеу аймақтағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, ұлтаралық қатынастарды нығайту мақсатында ерекше маңызға ие. Бұл зерттеулер Қазақстанның көпұлтты қоғамының бірлігін, бейбіт қатар өмір сүруін және әлеуметтік бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін қажетті ғылыми негіздерді қалыптастыруға көмектеседі. Этнодемографиялық үдерістердің терең талдануы, аймақтағы ұлттық саясатты тиімді жүргізуге және ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге бағытталған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Түркістан облысындағы этнодемографиялық өзгерістер облыс аудандары көлемінде ерекшеліктерге ие. Мысалы, өзбектердің көп шоғырланған аймақтары Түркістан қаласы, Сайрам, Төле би, Мақтаарал ауданы, Кентау қаласында тығыз қоныстанған. Сол сияқты тәжіктер Жетісай, Мақтаарал және Сарыағаш аудандарында тығыз орналасқан. Ал, түріктер мен өзірбайжандар Жетісай, Сайрам, Сарыағаш және Төле би аудандарында қоныс тепкен. Облысты аумағындағы Отырар және Созақ ауданының этнодемографиялық жағдайы қызықты көрініс береді. Мысалы, Отырар ауданында 54,038 халық тұрса, соның 53,861 қазақтар болып табылады. Дәл осындай жағдай Шардара ауданында да кездеседі. Аталмыш ауданның халық саны 78,832 адамнан тұрса, оның 76,135 қазақтар. Созақ ауданында да қазақтардың тығыз орналасқандығымен ерекшеленеді (Жайлыбаев, 2020).

1-кесте*2021 жылғы халық санағы бойынша халықтың ұлттық құрамы Қазақстан бойынша*

	2009	2021	2009 пайызбен	2021 пайызбен
Барлығы	16 009 597	19 186 015	100	100
Қазақтар	10 096 763	13 497 891	63,1	70,4
Орыстар	3 793 764	2 981 946	23,7	15,5
Өзбектер	456 997	614 047	2,9	3,2
Украиндар	333 031	387 327	2,1	2,0
Ұйғырлар	224 713	290 337	1,4	1,5
Немістер	178 409	226 653	1,1	1,2
Татарлар	204 229	218 653	1,3	1,1
Әзірбайжандар	85 292	145 615	0,5	0,8
Көрістер	100 385	118 450	0,6	0,6
Түріктер	97 015	85 478	0,6	0,5
Дүнгендер	51 944	78 817	0,3	0,4
Белорустар	66 476	76 484	0,4	0,4
Тәжіктер	36 277	49 827	0,2	0,3
Күрдтер	38 325	47 880	0,2	0,3
Поляктар	34 057	35 319	0,2	0,2
Қырғыздар	23 274	34 184	0,2	0,2
Шешендер	31 431	33 557	0,2	0,2
Басқа ұлттар	157 215	264 111	1,0	1,4

2-кесте*Түркістан облысы бойынша 2021 жылғы халық санағы бойынша*

	2009	2021
Барлығы	2 469 357	2 054 021
Қазақтар	1 785 992	1 551 604
Орыстар	136 538	27 926
Өзбектер	401 630	362 878
Украиндар	5 788	3 391
Ұйғырлар	3 485	2 968
Немістер	19 119	20 14
Татарлар	2 523	8 720
Әзірбайжандар	9 254	22 366
Көрістер	28 956	2 826

Қорытынды

Түркістан облысының этнодемографиялық үдерістері оның тарихымен тығыз байланысты және аймақтың әлеуметтік, мәдени және саяси дамуының айқын көрінісі болып табылады. Түр-

кістан облысы Қазақстанның тарихи-мәдени орталықтарының бірі болғандықтан, бұл аймақта этникалық құрамның әртүрлілігі, көші-қон процестері мен ұлтаралық қатынастардың дамуы ерекше назар аударуды талап етеді. Этникалық құрам мен демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын зерттеу – тек өткен кездердің айқын көрінісі ғана емес, сонымен қатар аймақтың келешегіне әсер ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Түркістан облысы – Қазақстандағы этникалық гомогенділіктің (біртектіліктің) өсуі мен түркі тілдес халықтардың табиғи өсімінің орталығы болып қала береді. Өңірдегі этнодемографиялық үдерістерді басқару үшін урбанизация деңгейін арттыру және ішкі көші-қонды тиімді реттеу қажет.

Болашақтағы этносаралық тұрақтылықты сақтау үшін этникалық топтардың мәдени интеграциясы мен әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру маңызды.

Этнодемография ғылымы ұлттық саясатты дұрыс жүргізуге, ұлтаралық келісім мен әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және түрлі эт-

никалық топтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты арттыруға үлкен ықпал етеді. Түркістан облысындағы этнодемографиялық үдерістерді зерттеу, әсіресе аймақтың мәдени әртүрлілігін сақтап, оны болашақта одан әрі дамыту мақсатында, қоғамның даму динамикасын түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл ғылыми зерттеулер Қазақстанның этникалық және мәдени әртүрлілігін есепке ала отырып, ұлттық және аймақтық деңгейде тиімді басқару саясатын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, мұндай зерттеулер ұлтаралық қатынастарды реттеу мен тұрақты

даму жолдарын анықтау үшін, сондай-ақ жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін пайдалы болып табылады.

Мұндай зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның болашақ дамуына бағыт-бағдар береді, ал этнодемографиялық үрдістерді дұрыс басқару ұлттар арасындағы тыныштық пен бірлікті сақтау үшін негіз қалаушы фактор болмақ. Түркістан облысындағы этникалық өзгерістер мен көші-кон үдерістерін зерттеу Қазақстанның көпэтникалық құрылымын және аймақтық даму стратегиясын болашақта жақсартуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Алексеев А.Н. (2015) Этнодемографические эволюции и проблема формирования суверенного социокультурного пространства Республики Казахстан / А.Н. Алексеев // Социальный портрет современного казахстанского общества: Сб. статей / Институт мировой экономики и политики (ИМЭП) при Фонде Первого Президента РК – Лидера нации. Астана; Алматы. – 25-50 с.

Алексеев А.Н., Аубакирова Ж.С., Өмірзақ Т.Е. (2022) Возрастная структура населения казахстана в конце XX – начале XXI вв. и демографические вызовы современности. XXI Международная научно-практическая конференция, посвященная 70-летию Восточно-Казахстанского университета имени Сарсена Аманжолова (3–4 октября 2022 г.). Усть-Каменогорск. – 11-27 с.

Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. (2005) Қазақстан халқының әлеуметтік – демографиялық жағдайы (1939-1959 жылдар). Алматы «Өркениет». – 158 б.

Абдраманов Е.С. (2004) Оңтүстік Қазақстан ауыл тұрғындарының қазіргі кездегі мәдени өмірі (этносоциологиялық зерттеулердің материалдары бойынша). тарих ғыл. канд. дис. Алматы. – 136 б.

Асылбеков М.Х., Козинаның В.В. (1995) «Демографические процессы современного Казахстана». Алматы: Атамұра. – 128 с.

Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. (1991) Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980гг.). Алма-Ата. – 252 с.

Алексеев А.Н., Алексеев Н.В., Козыбаев М.К., Романов Б.И. (2001) Этнос Казахстана. Астана: Елорда. – 168 с.

Султанярова А.Ж. Оңтүстік Қазақстан аймағы тұрғындарының демографиялық көрсеткіштері (1999-2014 жж. мәліметтері негізінде). Ғалым-этнограф Б.К. Қалшабаеваның 60 жасқа толуына арналған «Ұлы дала кеңістігіндегі этноархеологиялық зерттеулер мен этносаралық қатынастар мәселесі» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары 4 маусым 2020 жыл. – 256-261 б.

Ғали Ә.Б. (2003) Этнодемография және саясат сыры ҚР Президентінің жанындағы мем. қызмет акад. Астана : ҚР-сы Президентінің жанындағы мем. қызмет акад. – 169 б.

Губайдуллина М.Ш., Курылұв К.П., Токберген А. (2023) Динамика этнодемографических и миграционных процессов в странах центральной Азии. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы №3 (103).

Досымова Гулдерхан. (2021) “Түркістан облысы халқының демографиялық мәселелері”// Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi. (4/2). – 77-86 б.

Досекеева К.А. (2007) Қазақстан ауыл-село тұрғындарының этнодемографиялық және әлеуметтік дамуы (1939-1979 жылдар). тарих ғылымд. канд. дис. автореф. Алматы. – 26,[4] б.

Дербисалин, А. (1966) Демократические идеи в казахской предоктябрьской литературе. Алма-Ата. – 312 с.

Жайлыбаев Д. (2020) Түркістан облысының этнодемографиялық жағдайы және оның бағыттары мен трансформациясы. Eurasian research institute (eri). <https://www.eurasian-research.org/publication/turkistan-bolgesinin-etno-demografik-durumu-yonleri-ve-donusumu/?lang=mn>

Казьмина О.Е., Пучков П. И. (1994) Основы этнодемографии: Учеб. пособие. М.: Наука. – 253 с

Назаров Р. Р. (2015) Этническая политика в полиэтническом социуме (на примере Узбекистана) XVIII Международная конференция памяти проф. Л.Н. Когана «Культура, личность, общество в современном мире: Методология, опыт эмпирического исследования», 19-20 марта 2015 г. г. Екатеринбург. – 1644–1654 с.

Өлмаханова А.Б. (1994) Оңтүстік Қазақстанның мәдени өмірі (XX ғасырдың 80-90 жылдары): тарих ғыл. канд. дис. Алматы. – 162 б.

Өмірбекұлы Ж. (2010) Түркістан қаласы мен агломерациясының әлеуметтік- демографиялық жағдайы (1867-2009 жж.): тарих ғыл. канд. дис. Алматы. – 147 б.

Султаниярова А.Ж. (2014) Оңтүстік Қазақстандағы қазіргі этномәдени үдерістер: PhD-докторлық диссертация. Алматы. – 156 б.

Сейтов А. П., Уразалиева Г. Б. (2023) Этно-демографические особенности института семьи в Узбекистане. Постсоветские исследования. Т.6. № 3.

References

Алексеев А.Н. (2015) Ethnodemographic Evolutions and the Problem of Forming Sovereign Sociocultural Space in the Republic of Kazakhstan / A.N. Alekseenko // Social Portrait of Contemporary Kazakhstani Society: Collection of Articles / Institute of World Economics and Politics (IWEP) under the Fund of the First President of the Republic of Kazakhstan – Leader of the Nation. Astana; Almaty, – 25-50 s. (On Russian)

Alekseenko A.N., Aubakirova Zh.S., Omirzak T.E. (2022) Age Structure of the Population of Kazakhstan at the End of the 20th – Beginning of the 21st Century and the Demographic Challenges of Modernity. XXI International Scientific-Practical Conference dedicated to the 70th Anniversary of Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University (October 3-4, 2022). Ust-Kamenogorsk. – 11-27 s. (On Russian)

Asylbekov M.Kh., Kudaibergenova A.I. (2005) The Socio-Demographic Situation of the Population of Kazakhstan (1939–1959). Almaty: Őrkeniet Publishing. – 158 s. (on Kazakh)

Abdramanov Y.S. (2004) The Contemporary Cultural Life of Rural Residents in South Kazakhstan (Based on Ethnosociological Research Materials). Candidate of Historical Sciences Dissertation. Almaty. – 136 s. (On Russian)

Asylbekov M.Kh., Kozina V.V. (1995) Demographic Processes of Contemporary Kazakhstan. Almaty: Atamura. – 128 s. (On Russian)

Asylbekov M.Kh., Galiev A.B. (1991) Social-Demographic Processes in Kazakhstan (1917-1980). Alma-Ata. – 252 s. (On Russian)

Alekseenko A.N., Alekseenko N.V., Kozybaev M.K., Romanov B.I. (2001) Ethnic Groups of Kazakhstan. – Astana: Elorda. – 168 s. (On Russian)

Sultaniarova A.Zh. Demographic Indicators of the Population of South Kazakhstan Region (Based on Data from 1999-2014). Materials of the International Scientific-Methodological Conference titled “Ethnoarchaeological Research and Interethnic Relations Issues in the Great Steppe” dedicated to the 60th Anniversary of Scientist-Ethnographer B.K. Kalshabayev. June 4, 2020. – 256-261 s.

Gali A.B. (2003) Ethnodemography and Political Secrets. Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan – Astana: Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan. – 169 s.

Gubaydullina M.Sh., Kurylyov K.P., Tokbergen A. (2023) Dynamics of Ethnodemographic and Migration Processes in Central Asia. Series: International Relations and International Law № 3 (103).

Dosymova Guldarhan. (2021) Demographic Issues of the Population of Turkestan Region. // International Turkish World Research Journal (4/2). – 77-86 s.

Dosekeeva K.A. (2007) Ethnodemographic and Social Development of Kazakhstan’s Rural Population (1939-1979). History Ph.D. Dissertation Abstract. Almaty. – 26 s.

Derbissalin, A. (1966) Democratic Ideas in Pre-October Kazakh Literature. Alma-Ata. – 312 s.

Zhaylybaev D. (2020.) Ethnodemographic Situation of Turkestan Region and Its Trends and Transformation. Eurasian research institute (eri) <https://www.eurasian-research.org/publication/turkistan-bolgesinin-etno-demografik-durumu-yonleri-ve-donusumu/?lang=mn>

Kazmina O.E., Puchkov P.I. (1994) Fundamentals of Ethnodemography: Textbook. Moscow: Nauka. – 253 s.

Nazarov R.R. (2015) Ethnic Policy in a Multi-Ethnic Society (the Example of Uzbekistan) XVIII International Conference in Memory of Prof. L.N. Kogan “Culture, Personality, Society in the Modern World: Methodology, Empirical Research Experience”, March 19-20, 2015, Yekaterinburg. – 1644-1654 s.

Almahanova A.B. (1994) Cultural Life of South Kazakhstan (1980-1990 s): History Ph.D. Dissertation. Almaty. – 162 s.

Omirebekuly Zh. (2010) Social-Demographic Situation of the City of Turkestan and Its Agglomeration (1867-2009): History Ph.D. Dissertation. Almaty. – 147 s.

Sultaniarova A.Zh. (2014) Current Ethnocultural Processes in South Kazakhstan: PhD Dissertation. Almaty. – 156 s.

Seitov A.P., Urazalieva G.B. (2023) Ethnodemographic Features of the Family Institute in Uzbekistan. Post-Soviet Studies. Vol. 6, № 3.

Авторлар туралы мәлімет:

Баянова Жанар Колдасбаевна – PhD докторант, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: monti.zhanar@gmail.com).

Терекбаева Жазира Махмудовна – PhD, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Археология, этнология және музология кафедрасының доцент м.а. (Алматы, Қазақстан, terakbaevazhaz@gmail.com).

Information about the authors:

Zhanar Koldasbaevna Bayanova – PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: monti.zhanar@gmail.com).

Zhazira Makhmudovna Terekbayeva – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, terekbaevazhaz@gmail.com).

Сведения об авторах:

Баянова Жанар Колдасбаевна – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: monti.zhanar@gmail.com).

Терекбаева Жазира Махмудовна – PhD, и.о. доцента кафедры археологии, этнологии и музеологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, terekbaevazhaz@gmail.com).

Келіп түсті: 09.04.2025

Қабылданды: 25.05.2026